# ЕҢБЕК ШАРТЫ

**Кентау қаласы** **№** *4* **«13» «03» 20*17*ж.**

Осы еңбек шартты (ары қарай –шарт) жұмыс беруші Кентау қаласының білім беру бөлімі ОҚО Кентау қаласы, Яссауи даңғылы 85, СТН 581800211615, есеп айырысу шоты KZ29070103KSN5818000, БЖК KKHPKZ2A

Бір жағынан, және қызметкер

А.Ә.Ж *Балкибекова Нагима Еркинбаевна*

Жеке басын куәландыратын құжаттың №*037190731* берілу уақыты *10.11.2014ж*

жеке идентифициленділген №*750829400574*

Екінші жағынан төмендегідей шарт жасалды:

1. **Қызметкердің еңбек функциялары** (лаузымына,мамандығына,біліктілігіне сәйкес):

*Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заң, «Еңбек кодексі», ҚР Азаматтық кодексін, «Мемлекеттік қызметшілер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдардың талаптарын орындайды.*

**Қызмет атқаратын орны:**

*Кентау қаласы, Ер Төстік балабақшасы*

2. **Шарттың мерзімі:**

3.1 Арнайы тексеруден өткені туралы нәтижелерді алған күніне дейін қабылданды.

(егер уақыт көрсетілмесе, белгісіз мерзімге қабылданады)

- сынақ мерзімге;
- белгілі бір жұмыстың орындалу уақытына;
- жұмыста болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына;

маусымдық жұмысты орындау уақытына (керек емесі сызылып тасталсын)

3. **Қызмет басталған уақыты:**

«*14.03*»2017 жыл

4. **Жұмыс уақыты мен демалыс уақыты:**

Қызметкерлер үшін екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.

Мекемеде жұмыс уақыты таңғы сағат 09:00-ден басталып, 19:00-де аяқталады

Бес күндік жұмыс аптасына қызметкерге аптасына екі демалыс күні,ал алты күндік жұмыс аптасында-бір күн беріледі.

Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, 7-қаңтар-православиелік Рождество демалыс күндері болып аталады.

Қызметкерге демалыстардың мынадай түрлері.

1)жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы мына *42* уақытқа беріледі.

Қызметкерлерге демалыстардың мынадай түрлері:

1) Жалақы сақталмайтын демалыс неке тіркелген;
2) Бала туылған;
3) Жақын туыстары қайтыс болған;
4) Еңбек шартында,ұжымдық шартта көзделген өзге де жағдайлар кезінде қызметкердің жазбаша өтініші негізінде күнтізбелік бес күнге дейін жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

2)Сырттай оқу орнында оқыған жағдайда емтихан тапсыру, диплом жұмыстарын қорғау кезінде еңбек жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі.

3)Баланы (балаларды) тууға,жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыстар беріледі.

**6.Еңбекке ақы төлеудің мөлшері және шарты.**

6.1 Жалақы бір айда бір реттен кем емес,келесі айдың бірінші он күндігінен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

6.2 Жұмыс уақытынан тыс жұмыстары үшін,мереке,демалыс күндеріндегі жұмыс үшін________ мөлшерде төленеді.

6.3 Қызметкерге **штаттық кестеге сәйкес** мөлшерде жалақы тағайындалды.

6.4 Қызметкерлердің ауыр (ерекше ауыр)жұмыстарының,еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстарының мінездемесі:

7. **Қызметкердің құқықтары мен міндеттері.**

Жұмыс беруші мен еңбек шартын жасасуға,оны өзгертуге,толықтыруға және бұзуға;

Еңбекті қорғауға;

Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау жөніндегі жағдайлар мен талаптардың ахуалы туралы ақпарат алуға;

Еңбек шартын талаптарына сәйкес уақытылы және толық көлеміндегі жалақы төлеміне;

Өзінің кінәсінен болмаған іркіліс үшін осы Кодекспен белгіленген мөлшерден кем емес мөлшерде еңбекақы алуға;

Демалысқа;

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе,өзінің өкілдігі мен құқықтарын қорғау мақсатында қызметкерлердің қоғамдық бірлестіктеріне кіруге;

Өзі тікелей және өзінің өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздер жүргізуге,ұжымдық шартты және жұмыс берушінің актісін әзірлеуге және онымен танысуға;

Кәсіптік даярлауға,қайта даярлауға және осы Кодексте көзделген тәртіппен өзінің біліктілігін арттыруға;

Еңбек міндеттерін атқарумен байланысты келтірілген зиян өтеміне;

Қазақстан Республикасы заң актілерінде көзделген жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандыруға;

Қазақстан Республикасы заңдарында,ұжымдық шарттар мен келісімдерге белгіленген кепілдіктер мен өтемақыларды алуға.

Жыл сайынғы еңбек демалысын алуға;

Жұмыс берушіден жеке еңбек шартында тарапты білдіретін лауазымды адамның өкілеттігін растауды талап етуге;

Еңбек құқықтарын қорғауға құқықтары бар;

2. Қызметкер міндетті:

7.2.1 Еңбек міндеттерін еңбек және ұжымдық шарттарға,жұмыс берушінің актілеріне сәйкес адал орындауға;

7.2.2 Еңбек тәртібін сақтауға;

Сканировано с CamScanner

7.2.3 Еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды сақтауға;
7.2.4 Жұмыс беруші мен қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға;
7.2.5 Адамдардың өмірі мен денсаулығына,жұмыс беруші мен қызметкер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туындағаны,сондай-ақ іркіліс туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға;
7.2.6 Еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік,қызметтік,коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;
7.2.7 Жұмыс берушіге келтіретін зиянды Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген шектерде өтеуге міндетті.

**8.Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері:**

8.1 Қызметкерлермен еңбек шартын жасасуға,оны өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;
8..2 Өз құзіреті шегінде актілерін шығаруға;
8..3 Өзінің құқықтары мен мүдделерін білдіру мақсатында бірлестіктер құруға және оларға кіруге;
8.4 Қызметкерлерді көтермелеуге;
8.5 Қызметкерлерден еңбек және ұжымдық шарттың,ең бек тәртібі ережесі талаптарының орындалуын талап етуге;
8.6 Қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тартуға және еңбек Кодексінде белгіленген тәртіппен оларға өндіріп алулар салуға;
8.7 Еңбек саласындағы өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа өтініш беруге;
8.8 Қызметкер келтірген зиянды өтетуге;
8.9 Ұйымның жұмысын тоқтатуға және сот шешімі бойынша заңсыз деп танылған ереуілдерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысқан қызметкерлерді жұмыстан босатуға;
8.10 Қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге;
8.11 Егер және еңбек шартының тарптарында жазылған болса қызметкерді оқытумен байланысты өз шығындарының орнын толтыруға құқы бар;

2. Жұмыс беруші міндетті:

8.2.1 Қызметкерге еңбек шартында келісілген жұмысты беруге;
8.2.2 Қызметкерді еңбек және ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес еңбекақымен қамтамасыз етуге;
8.2.3 Қызметкерге жалақыны және өзге де төлемдерді уақытында және толық мөлшерде төлеуге;
8.2.4 Қызметкерді жұмыс берушінің актілерімен және ұжымдық шартпен таныстыруға;
8.2.5 Ұжымдық келіссөздер жүргізу үшін, ұжымдық шарттар жасау үшін,сондай-ақ олардың орындалуын бақылау үшін қажетті ақпарат беруге;
8.2.6. Еңбекті қорғау және гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;
8.2.7 Қызметкерлерді жабдықпен,құралдармен,техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін атқару үшін қажетті өзге де заттармен өз есебінен қамтамасыз етуге;
8.2.8 Мемлекеттік еңбек инспекторларының ұйғарымдарын орындауға;
8.2.9 Қызметкерді міндетті түрде әлеуметтік сақтандыруды Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;
8.2.10 Қызметкерлердің еңбек міндеттерін атқаруымен байланысты оларға келтірілген зиянды өтеуге;
8.2.11 Қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге міндетті;

**9.Жеке еңбек шартын өзгерту мен тоқтату негіздері:**

9.1 Еңбек шарты жазбаша нысанда ,кемінде екі дана етіліп жасалынады және тараптардың қолдары қойылады. Еңбек шарты бір-бір данадан жұмыс беруші мен қызметкерде сақталады.Қызметкердің еңбек шартының данасын алуы жазбаша нысанда расталады.
9.2 Тараптар еңбек шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру кезіндегі енгізуді жазбаша нысанда,жүзеге асырады;
9.3 Еңбек шарты мерзімінің аяқталуына байланысты,және заңда көзделген негіздерде тоқталады;
9.4 Еңбек шарты 2 данада құралған, әр қайсысының бірдей заң күші бар;
9.5 Жеке еңбек шарты мерзімінің бітуінен кейін талаптардың келісуі бойынша ұзартылуға немесе жаңа мерзімге жасасуы мүмкін;
9.6 Азаматтық қызметшімен жасы зейнеткерлікке жетуіне байланысты еңбек шарты тоқтатылады;
9.7 Еңбек шартта белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамаса;
9.8 Еңбек шарттың қолданылу мерзімі ішінде және өткізілген аттестаттаудың нәтижелері бойынша анықталған жеткіліксіз біліктілігінің не осы жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайының салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмесе;
9.9 Жұмыскердің заңсыз әрекеттерінің салдарынан зиян келтірілгені Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен расталған жағдайда;
9.10 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талартарын бұзғаны анықталса.
9.11 Әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде.
9.12 Қызметкер не жұмыс беруші-жеке тұлға еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын жазамен сотталған сот үкімі заңды күшіне енген кезде;

**Жұмыс берушінің төмендегі актілері шығарылған:**

- жұмысшыны жұмысқа алу туралы қалалық білім беру бөлімінің бұйрық № *52 ж/қ 13.03.2017ж*
- еңбек шарт тоқтатылуы немесе бұзылуы туралы №____________________

Еңбек шарттың бұзылуына «ҚР Еңбек кодексінің»____________________ бабы негізі болып табылады;

**10. Осы Еңбек шартта қарастырылған өз міндеттерін дұрыс орындамау немесе орындаудан бас тартуға байланысты ҚР заңнамаларына сәйкес екі тарапта жауапкершілікке тартылады.**

**Қызметкер**____________________

Болкибекова Н. Е

(А.Ә.Ж қолы, күні, айы, жылы)

**Жұмыс беруші:**
**Бөлім басшысы**
**А.Ауелбеков**
____________________
(Қолы, күні, айы, жылы)

Сканировано с CamScanner